

*КМҚК «№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы»*

*Ұйымдастырылған оқу қызметі*

*Тақырыбы:*

*«Сан мен заттың саны арасындағы  
сәйкестікті анықтау»*



*Ересек «Алтын сақа»тобы.*

*Өткізген тәрбиеші:Нұрымова. Г.*

*2021-2022ж*

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Бөлімі:** Математика негіздері.

**Тақырыбы:** «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті анықтау. Үлкен, кіші, кішкентай. Математикалық жұмбақтар.

**Мақсаты: Білімділігі:** Балаларға 5 көлемінде санау қабілетін күшейту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіру қабілетін нығайту.

**Дамытушылығы:** Көлем (үлкен, кіші, кішкентай) ұғымын дамыту. Математикалық жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілетін дамыту. Аяқталмаған фигуралардан геометриялық фигураларды көру қабілетін арттыру.

**Тәрбиелілігі:** Өз ойларын ашық айтуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Билингвалды компонент:** Бір-один, екі-два, үш-три, төрт-четыре, бес-пять.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап, сергіту сәті.

**Қолданылатын технология:** «Екі жүлдыз, бір тілек» әдісі.

**Көрнекілігі:** Сандар, пішіндер, үлестірмелі ойындар, жұмыс дәптері, бейнетақта.

### Оқу қызметінің жүру барысы.

Балалар, кәне, бәріміз шаттық шеңберіне тұрайық.

**Шаттық шеңбері:**

Күндей жадырап .

Айдай арайлап.

Судай мөлдір.

Таза көңілмен.

Бүгінгі күнімізді бастаймыз.

Көңіл-күйлерің жақсы ма балалар. (Өте жақсы!) Жарайсындар, балалар! Ендеше, орнымызға отырайық. (Балалар орындарына отырады)

Өткен оқу қызметтерінде біз қандай сандармен таныстық? (1, 2, 3, 4, 5 сандарымен таныстық)

Олай болса кім маған 5-ке дейін санап береді және тақтаға шығып сандарды ретімен қояды. (1, 2 бала шығып санайды)

Ал, енді 1-ден 5-ке дейін кім тура және кері санап береді? (Балалар тура және кері санайды) Жарайсындар, балалар!

Ал, енді, балалар жаңа оқу қызметіне көшейік

Біздің бірінші тапсырмамыз математикалық жұмбақтар шешу. Балалар, енді бейнетақтаға қарап, математикалық жұмбақтардың шешімін табайық.

1. Сенде екі алма бар еді, ағаң саған тағы үш алма берді. Сенде неше алма болды? (5 алма)

2. Сенде төрт кәмпит бар еді. Досың саған тағы бір кәмпит берді. Сенде неше кәмпит болды? (5 кәмпит)

3. Екі қоянда бір-бірден екі сәбіз бар еді. Бір қоян сәбізін жеп қойды.

Неше сәбіз қалды? (1 сәбіз) Бір баладан тақтаға шығып, жұмбақтардың шешімін табады. Балалар, менің қолымда қандай пішіндер бар. Кәне, кім айтады? Балалар кезектесіп орындарынан тұрып, пішіндерді айтады. Жақсы жауап берген балаларды қол шапалақтау арқылы мадақтап отыру.

Дөңгелек, шаршы, сопақша, үшбұрыш, тіктөртбұрыш.

Жарайсындар, балалар! Пішіндерді өте жақсы біледі екенсіңдер. Шаршап қалған боларсындар. Орнымыздан тұрып, музыка әуенімен бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіту сәті.** Балалар орындарынан тұрып, музыка әуенімен үстел үстінде орналасқан

әртүрлі пішіндерге қолдарын әртүрлі бағытта қою арқылы үстелді айнала жүріп сергіту сәтін жасайды. Керемет!Бойымыз бір сергіп қалды,енді орнымызға отырайық.

**Билингвалды компонент:**Бір-один,екі-два,үш-три,төрт-четыре,бес-пять.

Балалар,кім бірден беске дейін екі тілде тура және кері санап береді?( Екі-үш бала қазақ және орыс тілінде беске дейін тура және кері санайды)

Екінші тапсырма:Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.

Енді алдымыздағы жұмыс дәптеріндегі 3-ші және 4-ші тапсырмаларды орындайық.Тапсырмалар түсіндіріледі.(Балалар тапсырмаларды орындайды )

Жарайсындар,балалар!Енді келесі тапсырма.Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

**Дидактикалық ойын:** «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті тап»

(Балалар алдарындағы тапсырмаларды орындайды)

Бір кірпі 1 санына сәйкес келеді. Екі машина 2 санына сәйкес келеді. Үш алма 3 санына сәйкес келеді. Төрт доп 4 санына сәйкес келеді. Бес қонжық 5 санына сәйкес келеді.

Жарайсындар,балалар!Сендер тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар!Сендер өте ақылды әрі білімді екенсіңдер.

Бүгін біз нешеге дейін санадық? Кім санап береді?(санайды)Қандай пішіндерді білеміз?Бес санына неше бірлік сәйкес келеді?Қандай ойын ойнадық?Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? (Балалар өз ойларын айтады)

Ендеше,»Екі жұлдыз,бір тілек»әдісі арқылы бүгінгі оқу қызметімізді қорытындылайық.Бүгінгі оқу қызметінен өзіңе ұнаған екі нәрсені ата және алға қарай тағы не үйренгің келеді?(Балалар ұнаған екі нәрсесін және тағы да не үйренгілері келетіндерін айтады)

**Балаларды мадақтау.**

Бүгін сендерге рахмет айтып,белсенді жақсы қатысқандарың үшін мына жүрекшелерді сыйлаймын.Бұл жүрекше сендердің ақылды,білімді екендеріңді білдіреді.Көп рахмет,аман сау жүріңдер.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Бірден беске дейінгі сандарды тура және кері санауды.Математикалық жұмбақтарды шешуді.

**Меңгереді:** Көлем(үлкен,кіші,кішкентай) ұғымын .Геометриялық пішіндерді.

**Игереді:**Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табуды.Өз ойларын ашық айтуды.

